

"Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 132 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылды 22 мамырда № 3174 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 297 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 22.06.2016 № 297 қаулысымен.

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Сабырбаев Амандос Ақышұлына жүктелсін.
3. "Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Жақыпбеков Әділхан Оразұлына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындалған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндеттін атқарушы*

C. Қорғанбаев

Ақсу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі "Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 132 қаулысымен бекітілген қосымша

"Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
3. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мертанбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
5. Бөлімге егер заңнамага сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды .
7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамага сәйкес бекітіледі.
8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 040100, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, № 5.
9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Ақсу ауданының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.
10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.
11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.
12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлім заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындағы қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Бөлімнің миссиясы: ауданың агрономикалық кешенін және ауылдық аумақтарда ауыл шаруашылықты дамытуды мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру.

14. Міндеттері: агрономикалық кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, агрономикалық кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз ету, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құру, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдау, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын дамыту және техникалық жарақтандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

1) агрономикалық кешен субъектілерін Қазақстан Республикасының заңдарына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру;

2) ауылдық аумақтарды дамытудың мониторингін жүргізу;

3) агрономикалық кешен мен ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинауды жүргізу және оны облыстың жергілікті атқарушы органына (әкімдігіне) беру;

4) ауданда азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуды жүргізу және облыстың жергілікті атқарушы органдарына (әкімдігіне) есептілік ұсыну;

5) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден асыл тұқымды мал туралы деректер жинауды жүзеге асыру;

6) аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерден, асыл тұқымды малы бар жеке және заңды тұлғалардан бекітілген нысандар бойынша есептер қабылдау;

7) аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің аஸыл тұқымдық өнімді (материалды) жыл сайынғы өткізу көлемдеріне өтінімдер қабылдауды жүзеге асыру;

8) аஸыл тұқымды мал зауыты, аஸыл тұқымды мал шаруашылығы, аஸыл тұқымды мал орталығы, дистрибутерлік орталық, аஸыл тұқымдық репродуктор және ірі қара малдың тұқымдары бойынша республикалық палата беретін аஸыл тұқымдық куәліктердің есебін жүргізу;

9) аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

10) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде Бөлімге Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан, жеке және заңды тұлғалардан Бөлімнің мәселелері бойынша қажетті ақпараттар сұрауға және

алуға;

2) міндеттерді жүзеге асыруға байланысты шешімін табу облыстық және респубикалық деңгейде қамтамасыз етілетін ұсыныстарды жоғары тұрған органдардың қарауына енгізуге;

3) заңнамаға сәйкес Бөлімге жүктелген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға.

3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

17. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Бөлімнің бірінші басшысын Ақсу ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасарлары жок.

20. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Бөлімнің қызметкерлерін қызметке қабылдайды және қызметтен босатады;

2) Бөлімнің қызметкерлері арасында функционалдық міндеттер мен өкілеттіліктерді бөлуді жүзеге асырады;

3) Бөлімнің қызметкерлеріне заңнамамен белгіленген тәртіппен көтермеледеу және тәртіптік жаза салу шараларын қолданады;

4) Бөлімнің қызметкерлеріне міндетті түрде орындау үшін бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

5) заңнамаларға сәйкес мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдар алдында Бөлімнің мұддесін қорғайды;

6) Бөлімде сыйайлар жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қолданады, сыйайлар жемқорлыққа қарсы бағытталған іс-шараларды қабылдауға дербес жауапкершілікте болады;

7) заңнамаларға сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Бөлімнің мұлкі

21. Бөлімді заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мұлкі оған меншік иесі берген мұлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мұлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер

есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заннамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК